

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Шалқан (орыс халық ертегісі)

<p>ЖАРИЯЛАНДЫ 13.08.2020</p>	<p>ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту</p>	<p>СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/79768/</p>
-----------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------

Күні:**Тақырыбы:** Шалқан (орыс халық ертегісі)**Мақсаты:** балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** атрибуттар, хрестоматия.**Сөздік жұмыс:** Шалқан.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері: Достар, достар, жүрсің қайда, Бірге еді ғой жанымыз. Көмек сұрап бір-бірінен Жеңіп шықтық бәріміз.</p>	Балалар шеңбербойына тұрып-орындайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Кіріспе әңгіме.</p> <p>— Балалар, бүгін біз оқу қызметімізде «Шалқан» ертегісін алдымен оқып, одан кейін мазмұнын талдап, әрбір бала осы ертегіні, өз ойларын, қаншалықты түсінгенін жеткізеді. Ертегіні оқып беру.</p> <p>Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.</p> <p>— Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар?</p> <p>— Шалқан қайда өседі?</p> <p>— Атай көмекке кімді шақырды?</p> <p>— Әжей кімді шақырды?</p> <p>— Немере қыз кімді шақырды?</p> <p>— Күшік кімді шақырды?</p> <p>— Мысық кімді шақырды?</p> <p>-Сонымен, бәрі бірігіп не істеді?</p> <p>— Ендеше, балалар, осы ертегідегі кейіпкерлердің атрибуттарын алып, ойынды сахналаймыз.</p>	<p>Зейін қойыптыңдайды.</p> <p>Балалардың жауабы.</p> <p>Әжейді Немере қызды Күшікті Мысықты Тышқанды</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>Ертегіні сахналау. Қорытындылау. Қазақтың мақал-мәтелдерін айтқыза отырып, оқу іс-әрекетін аяқтау. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бірліктің арқасында шалқанды жұлып алды. Жақсы бала еңбекшіл Ер азамат болады, Қиындықты жеңсе кім, Құшағы гүлге толады. Еңбекшіл осындай Болайықшы, досым-ай.</p>	<p>Рөлге бөлініп сахналайды.</p> <p>Мұқияттыңдайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасауды.

Меңгереді: сахналау арқылы ертегіні көрсете білуді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.